

**M.Avvezov Güney Kazakistan Üniversitesi Öğretim Üyesi**  
**6D010300 - Pedagoji ve Psikoloji alanında**  
**Felsefe Doktoru (PhD) derecesini almak için sunulan**  
**"Öğretmenin Özel Yeteneklerinin Geliştirilmesinde Pedagojik**  
**Hoşgörünün Psikolojik İçeriği" başlıklı**  
**Botabayev Galymzhan Erkebayuly'nın tez çalışmasına ilişkin**  
**Yurtdışı tez danışmanının**  
**RAPORU**

Eğitim alanında görev yapan öğretmenler için hoşgörü fikirlerinin uygulanması oldukça önemlidir. Öğretmenler ile öğrencilerin mesleki yeterliliğinin geliştirilmesinde hoşgörü, eğitim sürecinin konularının kişisel gelişim özelliklerini tespit etmeyi, bilişsel aktivitelerin çeşitli yöntemlerini aktif bir şekilde öğrenmeyi ve yeni eğitim fırsatlarını öğrenme yeteneğini belirler.

Doktora öğrencisi Botabayev Galymzhan Erkebayuly'nın tez çalışmasında, hoşgörünün, sadece insanlara, fikirlere, görüşlere karşı duyulan dayanıklılık, hoşgörü duygusu değil, aynı zamanda kendi değerlerini ve bireyselliğini koruma yeteneği olduğunu vurgular. Genel olarak, hoşgörülü davranış, modern eğitim sürecinin önemli bir bileşeni, diğer dünya görüşlerinden insanlara saygının oluşumu, şefkat ve diyalogu yönetme yeteneği, çatışma durumlarının yapıcı çözümünü olarak analiz edilir.

Bu bilimsel araştırmanın önemi şu ki, hoşgörü - her zaman bir şeyle ilgilidir ve bazı durumlarda bu fenomeni ampirik olarak incelemek neredeyse imkansızdır. Çalışmada, bir dizi makale ve monografi incelenip öğretmenin mesleki hoşgörüsü üzerinde durulmuştur. Bu incelemelerden yola çıkılarak hoşgörünün mesleki faaliyet için temel gereksinimlerden biri olduğunu öne sürülmüştür. Günümüzde hoşgörü sorununu çözmek, psikolojide de iyileştirme ilkelerinden biridir. Kişisel bir kalite olarak hoşgörü, eğitim sistemi çalışanlarının bir dizi mesleki yeterliliğinin ayrılmaz bir parçasıdır. Öğretmenlerin pedagojik faaliyetindeki ve pedagojik ilişkilerindeki otoriter tarzından da fark edilen yetersiz toleransı genellikle öğrencilere karşı olumsuz psikolojik tutumların ortaya çıkmasına neden olur. Bu ise pedagojik uygulamada bir takım olumsuz, bazen yıkıcı sonuçlar doğurur.

Botabayev Galymzhan Erkebayuly'nin tezi bir giriş , üç bölüm, sonuç ve eklerden oluşmaktadır. "Öğretmenin Özel Yeteneklerinin Geliştirilmesinde Pedagojik Hoşgörünün Psikolojik İçeriği" başlıklı tez çalışmasında,yetenek – insan davranışını düzenleyen ve hayatına hizmet eden, zihinsel aktivitenin temeli ve koşulu olarak tanımlanır. Yeteneği belirleyen nitelikler ise: duyarlılık kavrayış, zekâ yaratıcılık , öngörü, kolayca fikir üretme yeteneği, ifade özgürlüğü, bütünü

algılama yeteneđi, kavramları karşılaştırabilirle ve diđerleridir. Yazar, hoşgörüü geliştirme yoluyla öğretmenlerin kendi yeteneklerini uyarlama ve geliştirme imkanına sahip olacağını ileri sürmüştür. Pedagojik eğitimin en önemli amacı, yeni nesil öğretmenlerin genel hoşgörüü ve sürekli mesleki gelişimidir. Bu amacın gerçekleştirilmesinde, öğretmen ile onun mesleki bilgi, beceri ve yetenekleri arasındaki kopuk bađın, hoşgörüünün geliştirilmesi yoluyla yeniden sağlanabilecektir. Öğrenci tezinin sonuç bölümünde, araştırmanın ampirik hipotezlerini kanıtlama neticesine dayanan birtakım önerilerde bulunmuştur.

Geniş bir araştırma eksperimenti, Güney Kazakistan Üniversitesi'nden 125 öğretmen ve 50 lisans öğrencisi deneye katıldı.M. Auezova Çimkent şehrinde. Çalışma, 2019-2024 yılları arasında yapılan iş için belirlenen amaç ve hedeflere göre yürütülmüştür.

Deneye katılanlar, farklı pedagojik deneyime sahip üst düzey öğretmenlerdi. Araştırma yöntemleri: gözlem yöntemi, öğretmenlerin araştırması, test, deney, araştırma materyallerinin işlenmesi için matematiksel ve istatistiksel yöntemler.

Araştırma yöntemleri: gözlem yöntemleri, öğretmen araştırması, test etme, deney yapma, araştırma materyallerini incelemenin matematiksel ve istatistiksel yöntemleri.

Deney, öğretmenlerin pedagojik faaliyetlerinin doğal koşullarında gerçekleştirilmiştir ve mevcut pedagojik tolerans seviyesini, psikolojik içeriđi, hoşgörüü ve hoşgörüü öğretmenlerin bireysel özelliklerini, öğretmenlerin eğitim çalışmalarının etkinliğini belirlemeyi amaçlar.

Pedagojik toleransı incelemek için aşağıdaki deneysel veri toplama yöntemleri kullanılmıştır:

Pedagojik çalışmanın esnekliğini belirleme testleri, "Pedagojik Yetenek" testi, I.V. Nikishina'nın "Öğretmenin Kendisini Yaratıcılık Açısından Geliştirme Kabiliyeti" yöntemi, D.V. Zinovev'in tam toleransı göstergesini belirleme yöntemi;

- V.V. Boyko'nun iletişimsel hoşgörüü tanımı.

Pedagojik aktivitenin etkinliğini incelemek için N.B. Avalueva'nın "Eđitim faaliyetlerinin verimlilik katsayısı" yöntemi;

Hoşgörüü ve hoşgörüü öğretmenlerin bireysel özelliklerini incelemek için Katella'nın 16PF çok işlevli kişiliđi inceleme yöntemi kullanılmıştır.

Yazarın tez çalışması kapsamında incelenen meselenin önemi ve araştırmanın neticeleri Kazakistan Cumhuriyeti'de, yakın ve uzak yurt dışındaki bir dizi bilimsel


dergilerde, çeşitli bilimsel yayınlarda yayımlanması ve uluslararası konferanslardan bildiri olarak sunulması konunun önemini ortaya koymaktadır.

Çalışmanın sonuçlarına göre, Eğitim ve Bilim Bakanlığı Eğitim ve Bilimde Kalite Güvence Komitesi tarafından belirlenen hakemli bilimsel yayınlar listesinde yer alan dergilerde 3 makale, SCOPUS'ta taranan dergide 1 makale, Kazakistan'da düzenlenen uluslararası konferansta 4 makale ve yurtdışında düzenlenen uluslararası kongrelerde 2 makale olmak üzere toplamda 10 bilimsel yayın çıkmıştır.

Botabayev Galymzhan Erkebayuly'nın tez çalışması Kazakistan Cumhuriyeti Eğitim ve Bilim Bakanlığı Eğitim ve Bilimde Kalite Güvencesi Komitesinin gerekliliklerini karşılamaktadır ve "6D010300 - Pedagoji ve Psikoloji" alanında Felsefe Doktoru (PhD) derecesini almayı tamamen hak etmektedir. Bu tez çalışması, yazarın özgün ve yeterince eksiksiz hazırladığı bir bilimsel araştırmadır.

Botabayev Galymzhan Erkebayuly'nın "Öğretmenin Özel Yeteneklerinin Geliştirilmesinde Pedagojik Hoşgörünün Psikolojik İçeriği" başlıklı tez çalışmasının İlyas Zhansugurov Yedisu Üniversitesi'nin "6D010300 - Pedagoji ve Psikoloji" alanında Felsefe Doktoru (PhD) derecesini alması için savunmaya sunulmasını uygun buluyor ve öneriyorum.

**Yurtdışı tez danışmanı,  
Türkiye Cumhuriyeti, Ankara  
Gazi Üniversitesi Eğitim Bilimleri  
Doktoru**

  
**Prof. Dr. Yücel GELİŞLİ**



**Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының**  
**«БД010300 – Педагогика және психология» бағыты бойынша**  
**философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін**  
**«Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық**  
**толеранттылықтың психологиялық мазмұны»**  
**тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бойынша**  
**шетелдік ғылыми жетекшісінің**

**ШКІРІ.**

Толеранттылық идеяларын жүзеге асыру білім беру саласында қызмет ететін ұстаздар үшін өте маңызды. Оқытушылар мен білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы толеранттылық оқу-тәрбие үдерісі субъектілерінің тұлғалық даму ерекшеліктерін анықтау, танымдық іс-әрекеттің әртүрлі әдістерін белсенді меңгеру және білім берудің жаңа мүмкіндіктерін меңгеру қабілетін анықтайды.

Докторант Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының диссертациялық жұмысында толеранттылық тек адамдарға, идеяларға, пікірлерге төзімділік сезімі ғана емес, сонымен бірге өз құндылықтары мен даралығын сақтай білу екенін атап көрсетеді. Жалпы, толерантты мінез-құлық қазіргі білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде, әртүрлі дүниетанымдағы адамдарға деген құрмет, жанашырлық пен диалогты басқара білуді, жанжалды жағдайларды конструктивті шешуді қалыптастыру ретінде талданады.

Бұл ғылыми зерттеудің маңыздылығы мынада: толеранттылық – әрқашан бір нәрсеге қатысты, ал кейбір жағдайларда бұл құбылысты эмпирикалық түрде зерттеу мүмкін емес. Зерттеуде бірқатар мақалалар мен монографиялар талданды, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби толеранттылығына назар аударылды. Талдау негізінде толеранттылық кәсіби қызметке қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады деген болжам жасалды. Бүгінгі таңда толеранттылық мәселесін шешу психологияны жетілдіру қағидаларының бірі болып табылады. Толеранттылық тұлғалық қасиет ретінде білім беру саласында қызмет ететіндердің кәсіби құзыреттілік кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогтар арасында толеранттылықтың аздығы ұстаздық қызмет пен педагогикалық қарым-қатынастың авторитарлық стилінде байқалады, көбінесе шәкірттерге деген жағымсыз психологиялық көзқарастардың пайда болуына әкеледі. Бұл педагогикалық тәжірибеде бірқатар жағымсыз, кейде деструктивті салдарларға негіз болады.

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының диссертациясы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және қосымшалардан тұрады. «Оқытушының ерекше қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертацияда қабілеттер адамның мінез-құлқын реттейтін және оның өміріне қызмет ететін психикалық әрекеттің негізі мен шарты ретінде анықталады.

Дарындылықты анықтайтын қасиеттер: ұғынуда сезгіштік, танымдық интеллект, креативтілік, көрегендік, идеяларды тудыра білу, өз болмысын танытудағы еркіндік,

тұтасты қабылдау қабілеті, ұғымдарды салыстыра білу және т.б. Автор толеранттылықты дамыта отырып, оқытушылардың бейімделіп, өз қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алатынын алға тартады.

Педагогикалық білім берудің ең маңызды мақсаты – жаңа буын оқытушылардың жалпы толеранттылығы мен үздіксіз кәсіби дамуы. Осы мақсатқа жетуде толеранттылықты дамыту арқылы оқытушы мен оның кәсіби білімі, іскерлігі мен дағдысы арасындағы үзілген байланысты қалпына келтіруге болады. Диссертацияның қорытынды бөлімінде автор зерттеудің эмпирикалық гипотезасын дәлелдеу нәтижелеріне негізделген бірқатар ұсыныстарды тұжырымдады.

Ауқымды ғылыми экспериментке Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 125 оқытушысы мен 50 магистрант қатысты. Зерттеу 2019-2024 жылдары атқарылған жұмыстарға қойылған мақсат-міндеттерге сәйкес жүргізілді.

Экспериментке қатысушылар педагогикалық тәжірибесі әртүрлі жоғары санатты оқытушылар болды. Зерттеу әдістері: бақылау әдісі, педагогикалық зерттеу, тест, эксперимент, зерттеу материалын өңдеудің математикалық және статистикалық әдістері.

Эксперимент мұғалімдердің педагогикалық қызметінің табиғи жағдайында жүргізілді және педагогикалық толеранттылықтың қалыптасқан деңгейін, психологиялық мазмұнын, төзімді және төзімсіз оқытушылардың жеке ерекшеліктерін және мұғалімдер жүргізген тәрбие жұмысының тиімділігін анықтауға бағытталды.

Педагогикалық толеранттылықты зерттеу үшін деректерді жинаудың мынадай эксперименттік әдістері қолданылды:

Оқыту жұмысының икемділігін анықтауға арналған тесттер, «Педагогикалық қабілеттер» тесті, И.В. Никишинаның «Шығармашылық тұрғысынан оқытушының өзін-өзі дамыту қабілеті» әдістемесі, Д.В. Зиновьевтің толық төзімділік көрсеткішін анықтау әдістемесі;

- В.В.Бойко бойынша коммуникативті толеранттылықты анықтау.

Педагогикалық қызметтің тиімділігін зерттеуге арналған Н.Б. Авалуеваның «Педагогикалық қызметтің тиімділік коэффициенті» әдістемесі,

Төзімді және төзімсіз оқытушылардың жеке ерекшеліктерін талдау үшін Кателланың тұлғаны зерттеудің 16 PF көпфункционалды талдау әдісі қолданылды.

Диссертациялық жұмыста қарастырылған мәселенің маңыздылығына зерттеу нәтижелерінің Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің бірқатар ғылыми журналдарында, түрлі ғылыми басылымдарда жариялануы және халықаралық конференцияларда баяндамалар түрінде ұсынылуы дәлел.

Зерттеу нәтижелері бойынша 10 ғылыми жұмыс: оның ішінде 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен анықталған рецензияланған ғылыми жарияланымдар тізіміне енгізілген журналдарда, 1 мақала SCOPUS-те индекстелген журналда, 4 мақала Қазақстанда



өткен халықаралық конференцияда, 2 мақала шетелде өткен халықаралық конгрестерде жарияланды.

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай және «6D010300 – Педагогика және психология» бағыты бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс автордың түпнұсқа және жеткілікті толық ғылыми зерттеуі болып табылады.

Шетелдік ғылыми жетекші,  
Түркия Республикасы  
Анкарадағы Гази университеті  
педагогика ғылымдарының докторы /қолы қойылған/

Проф.д-р Юджел Гелишли

/Мөрі қойылған/

Түпнұсқаға сай түрік тілінен қазақ тіліне аударған *Иманкулова Динара Маликовна*  
"Number One Translations" аударма агенттігі  
Мекен-жайы: Ерiмбетов к-сі, 304Г, Шымкент қ.  
Тел: + 7 (725) 2367201; + 7 771 8847711  
Күні: 24 желтоқсан 2024 ж.



**Шымкент қаласы. Қазақстан Республикасы.  
Жиырма төртінші желтоқсан екі мың жиырма төртінші жылы.**

Мен, Жанібек Мұрат Мұталіұлы, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі берген 2022 жылдың «06» мамырда берілген №22008780 мемлекеттік лицензиясы негізінде қызмет етуші, Шымкент қаласының жекеше нотариусы, аудармашының аз. Иманкулова Динара Маликовнаның қолының түпнұсқалығын қуәландырамын.

Аудармашының жеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі және өкілеттілігі тексерілді.

**№ 2777 тізілімде тіркелген  
Өндірілді: 1957 теңге**

Нотариус:



Пронумеровано и пронумеровано  
№ 2777 (стрех) листях



ES5407325241224110432Y10557D

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия